



**"Асбест техникалық бұйымдарының өндірісі" кәсіби стандартын бекіту туралы**

**Күшіні жойған**

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің м.а 2014 жылғы 6 қаңтардағы № 2 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 15 мамырда № 9428 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 30 наурыздағы № 308 бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 30.03.2016 № 308 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 138-5-бабының 3-тармағына  
с ә й к е с **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Қоса беріп отырған «Асбест техникалық бұйымдарының өндірісі» кәсіби  
с т а н д а р т ы б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар  
министрлігінің Өнеркәсіп комитеті (Б.Ә. Қасымбеков) заңнамада белгіленген  
т ә р т і п п е н :

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде осы бұйрықтың  
м е м л е к е т т і к т і р к е л у і н ;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде осы бұйрық мемлекеттік  
тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында  
және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар  
министрлігінің интернет-ресурсында осы бұйрықтың орналасуын қамтамасыз  
е т с і н .

3. Осы бұйрықты орындауды бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық оның алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік  
он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
И н д у с т р и я ж әне ж аң а т е х н о л о г и я л а р  
м и н и с т р і н ің м і н д е т і н а т қ а р у ш ы А . Р а у

« К Е Л І С І Л Г Е Н »

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Еңбек және халықты әлеуметтік  
қ о р ғ а у м и н и с т р і

2014 жылғы 7 сәуір  
Қазақстан Республикасы  
Индустрия және жаңа технологиялар  
министрінің міндетін атқарушының  
2014 жылғы 6 қаңтардағы  
№ 2 бұйрығымен бекітілді

## «Асбест техникалық бұйымдарының өндірісі» кәсіби стандарты

### 1. Жалпы жағдайы

1. «Асбест техникалық бұйымдарының өндірісі» кәсіби стандарты (ары қарай КС) «Құрылыс индустриясы» кәсіби қызметі саласында біліктілік деңгейіне, міндеттемелеріне, құрамына, сапасына және еңбек шартына қойылатын талаптарды анықтап, мыналар үшін арналған болып табылады, яғни:

1) кәсіби міндет мазмұнына қойылатын біріңғай талаптарды шығару, еңбек нарығының қазіргі қажеттіліктеріне жауап беретін білікті талаптарды жаңарту;

2) қызметкерлерді басқару саласында тапсырмалардың кең ауқымын шешу;

3) білім беру стандарттарын, оқу жоспарларын, модульді оқу бағдарламаларын дайындау, сонымен қатар сәйкес оқу-әдістемелік материалдарды дайындау;

4) мамандардың біліктілігіне сәйкес кәсіби дайындығы мен растауына бағалау жүргізу;

2. КС негізгі қолданушылары ретінде:

1) білім беру ұйымының бітірушілері, жұмысшылар, біліктілігін жоғарылату немесе нақтылауға тілек білдірушілер;

2) ұйымның басшылары мен жұмысшылары, ұйым қызметкерлерін басқарушы бөліміндегі басшылар мен мамандар;

3) білім беру бағдарламаларын жасаушы мамандар;

4) мамандар біліктілігінің кәсіби дайындығы мен растауына сәйкестігін бағалау саласындағы мамандар.

3. КС негізінде ұйымда қызметтің функционалдық моделіне, лауазымына, біліктілігін жоғарылату, жұмысшылардың аттестациядан өтуіне, еңбекті тұрақтандыру жүйесіне және т.б. бойынша ішкі стандарттар жасалады.

4. Ағымдағы кәсіби стандартта келесідей терминдер мен анықтаулар қолданылады:

1) ұлттық біліктілік шеңбері – еңбек нарығында танылатын біліктілік деңгейлерін құрылымдық жағынан сипаттау;

2) салалық біліктілік шеңбері – салада танылатын біліктілік деңгейлерін құрылымдық жағынан сипаттау;

3) сала – бір типті өнімді құруда жалпы мақсатқа ие кәсіптік әрекеттің, кәсіпорын және ұйымдық жүйенің құрылымдық бөлімі;

4) кәсіби қызмет саласы – негізгі және қосымша функцияларды іске асыруды ұсынушы саланың қызметтік бөлігі;

5) қызмет түрі – негізгі және қосымша функцияларды іске асыруға ұсынатын кәсіби қызмет саласының нақты бөлігі. Қызмет түрінің қосымша функциясы өз кезегінде дайындаушы және қорытындылаушы болып екіге бөлінеді. Қызметтің әрбір түріне белгілі бір заттар мен еңбек амал тәсілдері арнаулы болып табылады ;

6) кәсіби стандарт – кәсіби қызметтің нақты саласында біліктілік деңгейіне және құзыреттілікке, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;

7) мамандық – қызмет жүйесіндегі айқындаушы, оның атауы кәсіби қызметтің салалық негізгі функцияларымен, еңбектің заттары мен амал тәсілдерімен анықталады ;

8) қызмет – қызмет, әкімшілік иерархияның нақты жүйесіндегі функциональді орын, атауы типтік тапсырмалар, құқықтар және міндеттемелер жиынтығымен анықталады ;

9) құзыреттілік – еңбек қызметінде білімін, дағдысы мен тәжірибесін қолдану қабілеті ;

10) қабілеттілік – орындалушы тапсырманың дербестігі, жауаптылығы және күрделілігі дәрежесіне акцентті кәсіп талабына сәйкес келетін адамның функциональді мінез құлқының мінездемесі;

11) функция – жұмысшының қызметтік процессіне қойылатын нормативтік талаптар ;

12) тапсырмалар – нақты заттар мен еңбек тәсілдерін қолдана отырып функцияны іске асыру (өткізу) тәсілінің нормативтік сипаттамасы;

13) функциональді карта – кәсіби жұмыстың бір немесе басқа да салалары шеңберінде жұмыстың белгілі бір түрін жұмысшымен орындалатын функциялар мен тапсырмаларды құрылымдық сипаттау;

14) кәсіби стандарт бірлігі - еңбек қызметінің аталған түрі үшін тұтас, аяқталған, салыстырмалы түрде автономды және елеулі болып табылатын нақты еңбек функциясының жан-жақты сипаттамасынан тұратын кәсіби стандарттың құрылымдық элементі ;

15) біліктілік – қызметкердің белгілі бір еңбек қызметі түрінің шеңберінде нақты функцияларды сапалы орындауға дайындығы;

16) біліктілікті деңгей – еңбек іс-қимылдарының күрделілігі, стандартты

еместігі, жауапкершілігі және дербестілігі параметрлеріне қарай сараланатын қызметкерлердің құзыретіне қойылатын талаптар жиынтығы;

17) еңбек құралдары – еңбек затының бастапқы күйден өнімге қалыптастыру барысында жұмысшымен қолданылатын құралдар;

18) Жартылай фабрикат – одан әрі қайта өңдеуге жататын өнім;

19) Дайын өнім – пайдалануға дайын соңғы өнім.

5. Осы кәсіби стандартта келесі қысқартулар қолданылады:

АТБ – асбестік техникалық бұйымдар;

КҚ – кәсіптік қызмет;

ҚТ – қызмет түрі;

КС – кәсіби стандарт;

ҰБК – ұлттық біліктілік квалификациясы;

СБШ – салалық біліктілік шеңбері;

БТБА – ҚР жұмысшыларының жұмыстары мен кәсіптерінің біріңғай тарифті – біліктілік анықтамасы.

## **2. КС паспорты**

6. Экономикалық әрекет түрі: 23. Әртүрлі бейметалл минералды өнімдер ө н д і р і с і .

7. Кәсіби қызмет саласы: Асбест техникалық бұйымдарының өндірісі.

8. Кәсіби қызметтегі негізгі мақсаты: асбест техникалық бұйымдармен құрылыс саласының қажеттілігін қамтамасыз ету және өндіру.

9. Қызмет, кәсіп түрлері және біліктілік деңгейлері осы кәсіби стандарттың 1 қосымшасында көрсетілген.

## **3 Еңбек қызметі (мамандық) түрлерінің карточкасы**

### **1 параграф. Асбест техникалық бұйымын дайындаушы**

10. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 2-4.

11. Мамандықтың мүмкін болатын нұсқалары: Асбест техникалық бұйымын д а й ы н д а у ш ы .

12. «Асбест техникалық бұйымын дайындаушы» мамандығы жұмысшыға негізгі функцияларды, яғни, шикізатты дұрыс тандап, дайындау, технологиялық жабдықтарды жұмыстық бабына келтіруді іске асырумен байланысты тапсырмаларды біліп, дағдылануын міндеттейді.

13. Ағымдағы кәсіби стандартқа сәйкес әрекет етуші нормативті құжаттамамен байланысы 2 қосымшаның 1 кестесінде көрсетілген.

14. Ағымдағы кәсіби стандартқа келетін техникалық асбест бұйымын дайындаушының еңбек шарты, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар 2 қосымшаның 2 кестесінде келтірілген.

15. Ағымдағы кәсіби стандартқа сәйкес келетін кәсіби стандарттың бірлікті тізімдері 2 қосымшаның 3 кестесінде көрсетілген.

16. Кәсіби стандарт бірлігін және асбест техникалық бұйымын дайындаушы орындайтын еңбек әрекетінің функциональді карта ағымдағы кәсіби стандартқа келетін 2 қосымшаның 4 кестесінде келтірілген.

17. Асбест техникалық бұйымын дайындаушы міндетіне қойылатын талаптар ағымдағы кәсіби стандартқа сәйкес келетін 2 қосымшаның 5, 6 және 7 кестесінде көрсетілген.

## **2 параграф. Асбест қоспасын дайындаушы**

18. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 2-3.

19. Мамандықтың мүмкін болатын нұсқалары: асбест қоспасын дайындаушы.

20. «Асбест қоспаларын дайындаушы» мамандығы мамандығы жұмысшыға негізгі функцияларды, яғни, шикізатты дұрыс тандап, дайындау, технологиялық жабдықтарды жұмыстық бабына келтіруді іске асырумен байланысты тапсырмаларды біліп, дағдылануын міндеттейді, яғни, эмульсиялы қоспаны бекітілген рецептураға сәйкес алуды міндеттейді.

21. Ағымдағы кәсіби стандартқа сәйкес әрекет етуші нормативті құжаттамамен байланысы 3 қосымшаның 1 кестесінде көрсетілген.

22. Ағымдағы кәсіби стандартқа келетін асбест қоспасын дайындаушының еңбек шарты, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар 3 қосымшаның 2 кестесінде келтірілген.

23. Ағымдағы кәсіби стандартқа сәйкес келетін кәсіби стандарттың бірлікті тізімдері 3 қосымшаның 3 кестесінде көрсетілген.

24. Кәсіби стандарт бірлігін және асбест қоспасын дайындаушы орындайтын еңбек әрекетінің функциональді карта ағымдағы кәсіби стандартқа келетін 3 қосымшаның 4 кестесінде келтірілген.

25. Асбест қоспасын дайындаушы міндетіне қойылатын талаптар ағымдағы КС сәйкес келетін 3 қосымшаның 5 және 6 кестесінде көрсетілген.

## **3 параграф. Қалыптау массасын брикеттеуші**

26. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 3-4.

27. Мамандықтың мүмкін болатын нұсқалары: Қалыптау массасын брикеттеуші.

28. «Қалыптау массасын брикеттеуші» мамандығы жұмысшыға негізгі

функцияларды, яғни, шикізатты дұрыс таңдап, дайындау, технологиялық жабдықтарды жұмыстық бабына келтіруді іске асырумен байланысты тапсырмаларды біліп, дағдылануын міндеттейді, яғни, калибрді жасау және брикет салмағын тексеруді міндеттейді.

29. Ағымдағы кәсіби стандартқа сәйкес әрекет етуші нормативті құжаттамамен байланысы 4 қосымшаның 1 кестесінде көрсетілген.

30. Ағымдағы кәсіби стандартқа келетін қалыптау массасын брикеттеушінің еңбек шарты, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар 4 қосымшаның 2 кестесінде келтірілген.

31. Ағымдағы кәсіби стандартқа сәйкес келетін кәсіби стандарттың бірлікті тізімдері 4 қосымшаның 3 кестесінде көрсетілген.

32. Кәсіби стандарт бірлігін және қалыптау массасын брикеттеуші орындайтын еңбек әрекетінің функциональді карта ағымдағы кәсіби стандартқа келетін 4 қосымшаның 4 кестесінде келтірілген.

33. Қалыптау массасын брикеттеуші міндетіне қойылатын талаптар ағымдағы КС сәйкес келетін 4 қосымшаның 5 және 6 кестесінде көрсетілген

#### **4 параграф. Ыстықтай қалыптау пресстеушісі**

34. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 3-4.

35. Мамандықтың мүмкін болатын нұсқалары: Ыстықтай қалыптау пресстеушісі.

36. «Ыстықтай қалыптаудың пресстеушісі» мамандығы жұмысшыға негізгі функцияларды, яғни, шикізатты дұрыс таңдап, дайындау, технологиялық жабдықтарды жұмыстық бабына келтіруді іске асырумен байланысты тапсырмаларды біліп, дағдылануын міндеттейді; вулканизациялау – бакелизациялау режимдерін бақылау, бақылап–өлшеу приборларының көрсеткіштері бойынша бу және сығылған ауаның қысымын бақылау.

37. Ағымдағы кәсіби стандартқа сәйкес әрекет етуші нормативті құжаттамамен байланысы 5 қосымшаның 1 кестесінде көрсетілген.

38. Ағымдағы кәсіби стандартқа келетін ыстықтай қалыптау пресстеушісі еңбек шарты, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар 5 қосымшаның 2 кестесінде келтірілген.

39. Ағымдағы кәсіби стандартқа сәйкес келетін кәсіби стандарттың бірлікті тізімдері 5 қосымшаның 3 кестесінде көрсетілген.

40. Кәсіби стандарт бірлігін және ыстықтай қалыптау пресстеушісі орындайтын еңбек әрекетінің функциональді карта ағымдағы кәсіби стандартқа

келетін 5 қосымшаның 4 кестесінде келтірілген.

41. Ыстықтай қалыптау пресстеушісі міндетіне қойылатын талаптар ағымдағы КС сәйкес келетін 5 қосымшаның 5 және 6 кестесінде көрсетілген.

#### 4. Кәсіби стандартты дайындаушылар

42. КС дайындаушылар Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі.

43. Келісу парағы, КС сараптау және тіркеу ағымдағы КС 6 қосымшасында келтірілген.

1 қ о с ы м ш а

«Техникалық

бұйымдарының

кәсіби стандартына

Қызмет, кәсіп түрлері, біліктілік деңгейлері

асбестті

өндірі»

№ п/п	Қызмет түрінің атауы	Еңбек нарығы тенденциясын ескере отырып мамандық атауы	ҚР МК 01 – 2005 сабақтың мемлекеттік классификаторына сәйкес мамандық атауы	Салалық біліктілік шеңберінің біліктілік деңгейі
1	Шикі тоқымалы немесе пресстелген таспа дайындамасын және де басқа да қарапайым конфигурациялы техникалық асбест бұйымын арнайы станокта, пресстерде немесе қолда жасау. Дайындаманы тұтастыру және калибрлеу. Дайындаманың белгісі бойынша таспаны топтастыру	Асбест техникалық бұйымдарды дайындаушы	Асбест техникалық бұйымын дайындаушы	2-4
2	Берілген пропорциядағы асбесттен, мақта және қалдықтарынан созба, үлікті бау немесе тарамды таспашаға арналған асбесттік қоспаны дайындау. Арбаларды қоспаға жүктеу, өзіндік өлшеуші бункерге апару.	Асбест қоспасын дайындаушы	Асбест қоспасын дайындаушы	2-3
3	Асбесттік қалыптаушы массадан жаншылған таспаны, жаншып брикеттеу машинасында немесе біртептік конструкциялы червякты пресстерде тежегіш қаптамасын және брикеттерді дайындау. Қабылдау барабанынан жаншылған таспаны кесуші пресс бойынша жарақтау, оның кескішін берілген өлшемде салу. Жабдықтың дұрыстығын, тазалығын және жөндеуден өткендігін тексеру. Брикеттерді салып, оны кейінгі өндеулерге беру.	Қалыптау массасын брикеттеуші	Қалыптау массасын брикеттеуші	3-4
4	Пресстеу - электрлі немесе булы қыздырғышы бар түсірмелі немесе түсірілмейтін көпшегелі пресс – формалы гидрпресстерде техникалық асбестті бұйымдарының тоқымалы немесе қалыпталған дайындамасын бакелизациялау немесе вулканизациялау.	Ыстықтай қалыптау пресстеушісі		3-4

Бақылап – өлшеуші приборлар көрсеткіші бойынша вулканизациялау – бакелизациялау режимдерін, бу және сығылған ауа қысымдарын реттеу	Ыстықтай қалыптау пресстеушісі
--	--------------------------------

## 2 Қ О С Ы М Ш А

«Техникалық бұйымдарының кәсіби стандартына

асбестті өндірі»

### Асбест техникалық бұйымдарды дайындаушы

#### 1 кесте. Ағымдағы нормативтік құжаттармен байланысы

Қазақстан Республикасы сабақтарының Мемлекеттік классификаторы ҚР МК 01-2005	
Базалық топтар	8284 - Асбест техникалық бұйымдарды дайындаушы
Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің біріңғай тарифті – біліктілік анықтамасы	
БТБА шығарылым, бөлімдері	36 шығарылым Бөлім «Асбест техникалық бұйымдарының өндірісі» (Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылдың 27 ақпанындағы 81-ө-м бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелі, № 8362, 2013 жылдың 7 наурызы)
БТБА бойынша мамандық	Асбест техникалық бұйымдарды дайындаушы (2-4 разряд)
Салалық біліктілік шеңберінің (СБШ) біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтар
1	2
2	3
4	4

#### 2 кесте. Еңбек шартына, білім беруге және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Мамандық бойынша жұмыстың мүмкін орындары	Асбест техникалық бұйымын өндіруші кәсіпорындар	
Еңбектің зиянды және қауіпті шарттары	Қауіптіліктің 4 классы: (МЕСТ 12.1.007-76*) Еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйе зиянды заттар қауіпсіздіктің жіктемелері және жалпы талаптары	
Жұмысқа берілетін рұқсаттың ерекше шарттары	Типтік салалық нормамен жұмысшылар мен қызметшілерге жеке басын қорға мақсатында арнайы киім, арнайы аяқ киім және басқада заттарды тегін беру» сәйкес асбестпен жұмыс істеушілер зиянды және қауіпті өндірістік факторлардан жеке басын қорғау заттарымен қамсыздандырылуы қажет. ҚР ТЖМ бұйрығына сәйкес (29.12.2008 ж. № 219 - кіріспе нұсқаулығы – жұмысқа қабылдау кезінде, мамандығы бойынша басқа жұмыс а у ы с у к е з і н д е - кезекті – технологиялық жұмыстың өзгеруі кезінде, басқа жұмыс бөліміне ауысу кезінде, жұмысты қауіпсіз орындау ережесі бұзылу кезінде – өндірістік бақылау қызметкерінің немесе Мемлекеттік инспектордың талабы бойынша - ағымды – жарты жыл сайын.	
СБШ деңгейі	Кәсіби білім беру және оқыту деңгейі	Талап етілген жұмыс тәжірибесі
2	Кәсіби дайындық	Қажет емес



3	Кәсіби дайындық	2 деңгейде 1 жыл жұмыс тәжірибесімен
4	Жоғары деңгейдегі техникалық және кәсіби білім, практикалық тәжірибе	СБШ 3 деңгейінде жыл

### 3 кесте. Асбест техникалық бұйымдарды дайындаушысының еңбек функциясын анықтайтын КС бірлігінің тізімдері

Еңбек функциясының №	Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірлігі)	атау
1	Жұмыс орнын дайындау, қолданылушы жабдықтың жұмыс қабілетін тексеру	
2	Дайындама белгісі бойынша асбесттік таспаны таңдау, үстел үстінде резеңкеленген асбест және асбесттік емес матаны немесе асбесттік тоқымалы таспаны айналдыра жаю, жолақ резеңкеленген матаны, астар төсемін және мата жыртындысын біруақытта сырғыту үшін сырғытушы машинаға және агрегатқа үздіксіз жұмысты қамсыздандыру.	
3	Кейінгі өңдеуге бұйымның дайындау дұрыстығын және берілуін тексеру, сырғушы машиналар мен агрегаттар дұрыстығын тексеру, тазалау, майлау және жөндеу.	

### 4 кесте. Асбест техникалық бұйымдарды дайындаушысының орындайтын КС бірлігін сипаттау

Еңбек функциясының шифры	Еңбек заты	Еңбек құрылғылары	Міндеттемелер
1	Резеңкеленген асбестті және асбестсіз мата немесе дөрекі асбестті тоқымалы таспа түріндегі шикізат	Арнайы станоктар, сырғытушы машиналар,	1. Шикізатты таңдау және дайындау, технологиялық жабдықты бабы келтіру
2	Дайындама шаблон, резеңкелі желім, графит	мата немесе таспаны пішуге арналған үстел, кесуші станоктар	2. Техникалық асбест бұйымының өлшемі мен конфигурациясын сәйкес дайындаманы алу
3	Дайын асбестотехникалық бұйымдар		3. Дайын өнімнің сапасын тексеру

### 5 кесте. СБШ бойынша 2 деңгейлі асбест техникалық бұйымын дайындаушы құзыреттілігіне қойылатын талаптар

Тапсырма шифры	Жеке және кәсіби құзыреттілік	Икемділігі және дағдылары	Білімі
1 - 1	Жұмыс нәтижесіне және дайын өнім сапасына дербестік, даралық және жауапкершіліктің белгілі дәрежесіндегі басшылықпен орындау қабілеттілігі	Техникалық асбест бұйымы өндірісінде қолданылатын шикізатты материалдардың құрамы, белгісі және дайындау тәсілі бойынша қасиеттерін анықтап және жіктеу	Әрбір бұйым түріне арналған таспа өлшемі; пішу, қайтала және түйістіру тәртіптері
2 - 1		Қолданылушы технологиялық жабдықтарды пайдалану	Тоқымалы және пресстелген таспадан түрлі бұйымдарды дайындаудың технологиялық процесстері, қолданылушы жабдық және тетік құрылғылары
3 - 1		Қолданылушы жабдықты тазалау, майлау және жөндеу	Дайын бұйым сапасына қойылатын талаптар

6 кесте. СБШ бойынша 3 деңгейлі асбест техникалық бұйымын дайындаушы құзыреттілігіне қойылатын талаптар

Тапсырма шифры	Жеке және кәсіби құзыреттілік	Икемділігі және дағдылары	Білімі
1 - 1	Жұмыс нәтижесіне және дайын өнім сапасына дербестік, даралық және жауапкершіліктің белгілі дәрежесіндегі басшылықпен орындау қабілеттілігі.	Асбесттің негізгі түрлері, қасиеттері және сұрыптары, резеңкелі қоспалар мен маталардың сипаттамалары; дайындама конфигурациясы ассортименті және оларды өңдеу ерекшеліктері	Техникалық асбест бұйым өндірісінде қолданылатын шикізатты материалдардың құрамы, белгісі және дайында тәсілі бойынша қасиеттері анықтап және жіктеу
2 - 1		Тоқымалы және пресстелген таспадан түрлі бұйымдарды дайындаудың технологиялық процесстері, қолданылушы жабдық және тетік құрылғылары. Дайындаманың оптимальді шығуын есептеу және осы өлшемге сәйкес матаны немесе таспаны пішу.	Шикізаттар мен жартылай фабрикаттарды өңдеу ерекшеліктері мен белгілері матаны рациональді қабылда және пішу белгілері.
3 - 1		Жұмыстың тиімді амалын таңдау және өз таңдауынды дәлелдеу.	Дайындамаларды дорннан шеш талькамен әрлеу және алдағы өңдеуге жіберу.

7 кесте. СБШ бойынша 4 деңгейлі асбест техникалық бұйымын дайындаушы құзыреттілігіне қойылатын талаптар

Тапсырма шифры	Жеке және кәсіби құзыреттілік	Икемділігі және дағдылары	Білімі
1 - 1	Жұмыс нәтижесіне және дайын өнім сапасына дербестік, даралық және жауапкершіліктің белгілі дәрежесіндегі басшылықпен орындау қабілеттілігі.	Сырғытушы машинада жұмыс істеу дағдысы	Жолаққа резеңкеленген матаны астар төсемін және мата жыртындысын біруақытта сырғыл үшін сырғытушы машинаға жән агрегатқа үздіксіз жұмысты қамсыздандыру.
2 - 1		Резеңкелі желіммен графиттеу және майлау, ұштарын дорнада желімдеу және алынған білезікті сақинада сырғыту.	Технологиялық карта бойынша дайындаманың шығуын есептеу Жайманы берілген өлшемдегі жолақтар және таянышты бақыла өлшеуші приборлармен пішу. Таянышты түйістіру, оларды қабаттап салу, роликпен сырғыт және дорнаға жеткізу. Дорнан машинаға жарақтау және резеңкеленген дайындаманы сырғыту.
3 - 1		Нормативті – техникалық құжаттамалармен жұмыс істеу	Нығыздаушы бұйымға тағылаты мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттар; шығарылға бұйым сапасына қойылатын талаптар.

3 қ о с ы м ш а

«Техникалық

асбестті

## Асбест қоспасын дайындаушы

### 1 кесте. Ағымдағы нормативтік құжаттармен байланысы

Қазақстан Республикасы сабақтарының Мемлекеттік классификаторы ҚР МК 01-2005	
Базалық топтар	7450 - Асбест қоспасын дайындаушы
Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірінғай тарифті – біліктілік анықтамасы	
БТБА шығарылым, бөлімдері	36 шығарылым Бөлім «Асбест техникалық бұйымдарының өндірісі» (Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылдың 27 ақпанындағы 81-ө-м бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелі, № 8362, 2013 жылдың 7 наурызы)
БТБА бойынша мамандық	Асбест қоспасын дайындаушы (2-3 разряд)
Салалық біліктілік шеңберінің (СБШ) біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтар
2	2
3	3

### 2 кесте. Асбест қоспасын дайындаушының еңбек шартына, білім беруге және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Мамандық бойынша жұмыстың мүмкін орындары	Асбест техникалық бұйымын өндіруші кәсіпорындар	
Еңбектің зиянды және қауіпті шарттары	қауіптіліктің 4 классы: (МЕСТ 12.1.007-76*) Еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйе зиянды заттар қауіпсіздіктің жіктемелері және жалпы талаптары	
Жұмысқа берілетін рұқсаттың ерекше шарттары	Типтік салалық нормамен жұмысшылар мен қызметшілерге жеке басын қорға мақсатында арнайы киім, арнайы аяқ киім және басқада заттарды тегін беру» сәйкес асбестпен жұмыс істеушілер зиянды және қауіпті өндірістік факторлардан жеке басын қорғау заттарымен қамсыздандырылуы қажет ҚР ТЖМ бұйрығына сәйкес (29.12.2008 ж. № 219 - кіріспе нұсқаулығы – жұмысқа қабылдау кезінде, мамандығы бойынша басқа жұмыс а у ы с у к е з і н д е - кезекті – технологиялық жұмыстың өзгеруі кезінде, басқа жұмыс бөліміне ауысу кезінде, жұмысты қауіпсіз орындау ережесі бұзылу кезінде – өндірістік бақылау қызметкерінің немесе Мемлекеттік инспектордың талабы бойынша - ағымды – жарты жыл сайын.	
СБШ деңгейі	Кәсіби білім беру және оқыту деңгейі	Талап етілген жұмыс тәжірибесі
2	Кәсіби дайындық	Қажет емес
3	Кәсіби дайындық	2 деңгейде 1 жыл жұмыс тәжірибесімен

### 3 кесте. Асбест қоспасын дайындаушысының еңбек функциясын анықтайтын КС бірлігінің тізімдері

Еңбек функциясының №	Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірлігі)	атау

1	Жұмыс орнын дайындау, қолданылушы жабдықтың жұмыс қабілетін тексеру
2	Асбесттік қоспаны дайындау, технологиялық шикізатты технологиялық жабдыққа беру жәе технологиялық параметрлерді бақылау
3	Дайын қоспаны кейінгі өндірістік тізбектерге беру, жұмыстың аяқталуы бойынш: қолданылушы жабдықты тазалау және майлау

#### 4 кесте. Асбест қоспасын дайындаушысының орындайтын КС бірлігін сипаттау

Еңбек функциясының шифры	Еңбек заты	Еңбек құрылғылары	Міндеттемелер
1	Мақта, асбест және қалдықтардан алынатын үлiктi бау немесе тарамды таспаша түріндегі шикізат	Дезинтегратор, асбест жүгіртпелері, целлюлозалар, құрғақ қалдыптаушы массалар, таразы, қоректендіріп – араластырушы, вертикальді қосытушы, ысылдап майлаушы машинаның колосник торы, магнитті сеператор	1. Шикізатты таңдау және дайындау, технологиялық жабдықты бақылау келтіру
2	Асбесттік қоспа компоненттерінің құрғақ күйіндегі көлемі		2. Берілген рецептураға сәйкес эмульсиялы қоспаны алу
3	Дайын асбесттік қоспа		3. Дайын қоспа сапасын тексеру

#### 5 кесте. СБШ бойынша 2 деңгейлі асбест қоспасын дайындаушы құзыреттілігіне қойылатын талаптар

Тапсырма шифры	Жеке және кәсіби құзыреттілік	Икемділігі және дағдылары	Білімі
1 - 1	Жұмыс нәтижесіне және дайын өнім сапасына дербестік, даралық және жауапкершіліктің белгілі дәрежесіндегі басшылықпен орындау қабілеттілігі	Техникалық асбест бұйымы өндірісінде қолданылатын шикізатты материалдардың құрамы, белгісі және дайындау тәсілі бойынша қасиеттерін анықтап және жіктеу	Мақта және асбесттің негізгі түрлері, қасиеттері және сұрыптары, оларды өңдеу ерекшеліктері; түрі және белгісі бойынша өндіріс қалдықтары
2 - 1		Қолданылушы технологиялық жабдықты пайдалану	Шығарылушы созбаның нөмірі мен сұрыпына байланысты қолданылатын қоспа түрлері технологиялық процесстер.
3 - 1		Қолданылушы жабдықты тазалау, майлау және жөндеуден өткізу.	Таразы, картты тарау аппараттар және басқада механизмдер жұмысының белгілері мен принциптері

#### 6 кесте. СБШ бойынша 3 деңгейлі асбест қоспасын дайындаушы құзыреттілігіне қойылатын талаптар

Тапсырма шифры	Жеке және кәсіби құзыреттілік	Икемділігі және дағдылары	Білімі
1 - 1	Жұмыс нәтижесіне және дайын өнім сапасына дербестік, даралық және жауапкершіліктің	Техникалық асбест бұйымы өндірісінде қолданылатын шикізатты материалдардың құрамы, белгісі және дайындау тәсілі бойынша қасиеттерін анықтап және жіктеу	Мақта және асбесттің негізгі түрлері, қасиеттері және сұрыптары, оларды өңдеу ерекшеліктері; түрі және белгісі бойынша өндіріс қалдықтары
2 - 1		Қоспаның әр түрлерін есептеу дағдысы; компонентті жүктеу	Қолданылушы жабдық құрылғылары; өңделуші шикізат түріне байланысты колосник

	белгілі дәрежесіндегі басшылықпен орындау қабілеттілігі	есептемесінің әдістемесін есептеу дағдысы	торларын таңдау және орнат тәртіптері
3 - 1		Нормативті – техникалық құжаттамалармен жұмыс істеу	Жұмыстың оптимальді тәсілдер таңдау және өз таңдауын аргументтеу

#### 4 Қ О С Ы М Ш А

«Техникалық бұйымдарының кәсіби стандартына

асбестті өндірі»

### Қалыптау массасын брикеттеушісі

#### 1 кесте. Ағымдағы нормативтік құжаттармен байланысы

Қазақстан Республикасы сабақтарының Мемлекеттік классификаторы ҚР МК 01-2005	
Базалық топтар	8212 - Қалыптау массасын брикеттеушісі
Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің біріңғай тарифті – біліктілік анықтамасы	
БТБА шығарылым, бөлімдері	36 шығарылым Бөлім «Асбест техникалық бұйымдарының өндірісі» (Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылдың 27 ақпанындағы 81-ө-м бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелі, №8362, 2013 жылдың 7 наурызы)
БТБА бойынша мамандық	Қалыптау массасын брикеттеушісі (3-5 разряд)
Салалық біліктілік шеңберінің (СБШ) біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтар
3	3-4
4	5

#### 2 кесте. Қалыптау массасын брикеттеушісінің еңбек шартына, білім беруге және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Мамандық бойынша жұмыстың мүмкін орындары	Техникалық асбест бұйымын өндіруші кәсіпорындар	
Еңбектің зиянды және қауіпті шарттары	қауіптіліктің 4 классы: (МЕСТ 12.1.007-76*) Еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйе зиянды заттар қауіпсіздіктің жіктемелері және жалпы талаптары	
Жұмысқа берілетін рұқсаттың ерекше шарттары	Типтік салалық нормамен жұмысшылар мен қызметшілерге жеке басын қорға мақсатында арнайы киім, арнайы аяқ киім және басқада заттарды тегін беру» сәйкес асбестпен жұмыс істеушілер зиянды және қауіпті өндірістік факторлардан жеке басын қорғау заттарымен қамсыздандырылуы қажет. ҚР ТЖМ бұйрығына сәйкес (29.12.2008 ж. № 219 - кіріспе нұсқаулығы – жұмысқа қабылдау кезінде, мамандығы бойынша басқа жұмыс а у ы с у к е з і н д е - кезекті – технологиялық жұмыстың өзгеруі кезінде, басқа жұмыс бөліміне ауысу кезінде, жұмысты қауіпсіз орындау ережесі бұзылу кезінде – өндірістік бақылау қызметкерін немесе Мемлекеттік инспектордың талабы бойынша - ағымды – жарты жыл сайын.	
СБШ деңгейі	Кәсіби білім беру және оқыту деңгейі	Талап етілген жұмыс тәжірибесі
3	Кәсіби дайындық	Жұмыс тәжірибесі 1 ж

4	Техникалық немесе кәсіби білімі.	3 деңгейде 3 жылды жұмыс тәжірибесімен
---	----------------------------------	--

### 3 кесте. Қалыптау массасын брикеттеушісінің еңбек функциясын анықтайтын КС бірлігінің тізімдері

Еңбек функциясының №	Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірлігі)	атау
1	Жұмыс орнын дайындау, қолданылушы жабдықтың жұмыс қабілетін тексеру	
2	Асбесттің қалыптаушы массадан жаншылған таспаны, жаншып брикеттеу машинасында тежегіш қаптамасын және брикеттерді дайындау, қалыптау дәлдігін реттеу	
3	Брикеттерді салып, оны кейінгі өңдеулерге беру	

### 4 кесте. Қалыптау массасын брикеттеушісінің орындайтын КС бірлігін сипаттау

Еңбек функциясының шифры	Еңбек заты	Еңбек құрылғылары	Міндеттемелер
1	Қалыптаушы массаны дайындауға арналған бастапқы компоненттер	Сита, таразылар, магнитті сепаратор	1. Бастапқы шикізаттарды жұмыс орнына жеткізу, оларды сито және теңдеме арқылы өткізу.
2	Латунды түйіршіктер		2. Сақтау үшін бункерге өткізілген шикізаттарды жүктеу.
3	Өткізілген шикізаттар түріндегі дайын өнім		3. Дайын өнім сапасын тексеру

### 5 кесте. СБШ бойынша 3 деңгейлі қалыптау массасын брикеттеуші құзыреттілігіне қойылатын талаптар

Тапсырма шифры	Жеке және кәсіби құзыреттілік	Икемділігі және дағдылары	Білімі
1 - 1	Жұмыс нәтижесіне және дайын өнім сапасына дербестік, даралық және жауапкершіліктің белгілі дәрежесіндегі басшылықпен орындау қабілеттілігі	Қолданушы жабдық дұрыстығын тексеру	Қалыптаушы массаны брикеттеудің технологиялық процесі
2 - 1		Технологиялық жабдықтың қолданылуын пайдалану	Жаншып брикеттеу машиналарының және червяк пресстің құрылғылары, қалыптаушы массаның маркаламен шифрлары
3 - 1		Брикеттерді салу, қолданылушы жабдықты тазалау, майлау және қабаттау	Шығарылушы өнім ассортиментінің өнім сапасына қойылатын талаптар.

### 6 кесте. СБШ бойынша 4 деңгейлі қалыптау массасын брикеттеуші құзыреттілігіне қойылатын талаптар

Тапсырма шифры	Жеке және кәсіби құзыреттілік	Икемділігі және дағдылары	Білімі
1 - 1	Жұмыс нәтижесіне және дайын өнім сапасына дербестік,	Қолданушы жабдық дұрыстығын тексеру	Қалыптау массасын брикеттеудің технологиялық процесі
			Жабдықта қолданылушы құрылғылар, пресс головкасын арналған шайбаның берілген

2 - 1	даралық және жауапкершіліктің белгілі дәрежесіндегі басшылықпен орындау қабілеттілігі	Технологиялық жабдықтың қолданылуын пайдалану	ассортименттеріне сәйкес таңда Жұмыс процессінде оларды саңылауын, жылдамдығын жә реттелігін реттеу
3 - 1		Біліктілігі төмен брикеттеушілер бригадасына басшылық ету.	Шығарылушы өнім ассортименттері, өнім сапасын қойылатын талаптар

## 5 Қ О С Ы М Ш А

«Техникалық бұйымдарының кәсіби стандартына

асбестті өндірі»

## Ыстықтай қалыптау пресстеушісі

### 1 кестесі. Ағымдағы нормативтік құжаттармен байланысы

Қазақстан Республикасы сабақтарының Мемлекеттік классификаторы ҚР МК 01-2005	
Базалық топтар	7322 - Ыстықтай қалыптау пресстеушісі
Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің біріңғай тарифті – біліктілік анықтамасы	
БТБА шығарылым, бөлімдері	36 шығарылым Бөлім «Асбест техникалық бұйымдарының өндірісі» (Еңб және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылдың 27 ақпанындағы 81-ө-м бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелі , №8362, 2013 жылдың 7 наурызы)
БТБА бойынша мамандық	Ыстықтай қалыптау пресстеушісі (4-5 разряд)
Салалық біліктілік шеңберінің (СБШ ) біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтар
3	4
4	5

### 2 кесте. Ыстықтай қалыптау пресстеушісінің еңбек шартына, білім беруге және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Мамандық бойынша жұмыстың мүмкін орындары	Техникалық асбест бұйымын өндіруші кәсіпорындар
Еңбектің зиянды және қауіпті шарттары	қауіптіліктің 4 классы: (МЕСТ 12.1.007-76*) Еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйе зиянды заттар қауіпсіздіктің жіктемелері және жалпы талаптары
Жұмысқа берілетін рұқсаттың ерекше шарттары	«Типтік салалық нормамен жұмысшылар мен қызметшілерге жеке басын қорғау мақсатын арнайы киім, арнайы аяқ киім және басқада заттарды тегін беру» сәйкес асбестпен жұм істеушілер зиянды және қауіпті өндірістік факторлардан жеке басын қорғау заттарыме қ а м с ы з д а н д ы р ы л у ы қ а ж е ҚР ТЖМ бұйрығына сәйкес (29.12.2008 ж. № 219 - кіріспе нұсқаулығы – жұмысқа қабылдау кезінде, мамандығы бойынша басқа жұмыс а у ы с у к е з і н д е - кезекті – технологиялық жұмыстың өзгеруі кезінде, басқа жұмыс бөліміне ауысу кезінд жұмысты қауіпсіз орындау ережесі бұзылу кезінде – өндірістік бақылау қызметкеріні немесе Мемлекеттік инспектордың талабы бойынц - ағымды – жарты жыл сайын.

СБШ деңгейі	Кәсіби білім беру және оқыту деңгейі	Талап етілген жұмыс тәжірибесі
3	Кәсіби дайындық	Жұмыс тәжірибесі 1 жыл
4	Техникалық және кәсіби білімі	3 деңгейде 3 жылды жұмыс тәжірибесімен

### 3 кесте. Ыстықтай қалыптау пресстеушісінің еңбек функциясын анықтайтын КС бірлігінің тізімдері

Еңбек функциясының №	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарт бірлігі)
1	Жұмыс орнын дайындау, қолданылушы жабдықтың жұмыс қабілетін тексеру
2	Сәйкесінше пресс – ормаларды таңдау. Дайындаманы пресс формаға салу, пресс форман преске жүктеу. Технологиялық регламентке сәйкес бұйымды вулканизациялау - бакелизациялау. Вулканизациялау - бакелизациялау режимдеріне, бу және сығылған ау қысымына бақылап – өлшеу приборларының көрсеткіштері бойынша бақылау жүргізу.
3	Бұйымды сұрыптау және төсемдеу оларды кейінгі өндеуге беру. Жабдықтың дұрыстығы тексеру. Гидропресстерді тазалау және майлау.

### 4 кесте. Ыстықтай қалыптау пресстеушісінің орындайтын КС бірлігін сипаттау

Еңбек функциясының шифры	Еңбек заты	Еңбек құрылғылары	Міндеттемелер
1	Техникалық асбесттік бұйымдардың түрлі тоқымалы немесе қалыпталған дайындамалары	Көпшегелі, көпсатылы, алынатын немесе алынбайтын электрлі немесе булы қыздырғышы бар пресс формалы гидропресстер. Бақылап – өлшеуші приборлар.	1. Сәйкес пресс-калыпты қалыптау Үлгішені пресс-калыпқа қою, пресс-калыпты преске салу. Технологиялық регламентке сәйкес бұйымды вулканизациялау-бакелизациялау
2	Пресс-формалар		2. Вулканизациялау - бакелизацияла режимдеріне, бу және сығылған ау қысымына бақылап – өлшеу приборларының көрсеткіштері бойынша бақылау жүргізу
3	Дайын өнім		3. Дайын өнім сапасын тексеру

### 5 кесте. СБШ бойынша 3 деңгейлі ыстықтай қалыптау пресстеушісінің құзыреттілігіне қойылатын талаптар

Тапсырма шифры	Жеке және кәсіби құзыреттілік	Икемділігі және дағдылары	Білімі
1 - 1	Жұмыс нәтижесіне және дайын өнім сапасына дербестік, даралық және жауапкершіліктің белгілі дәрежесіндегі басшылықпен орындау қабілеттілігі	Өңделуші бұйым ассортименттерін ажырату.	Пресс – формаға дайындаманы салу тәсілдері, пресс – формаларды гидропреске жүктеу. Технологиялық регламентке сәйкес бұйымды вулканизациялау – бакелизациялау.
2 - 1		Вулканизациялау - бакелизациялау режимдерін, бу және сығылған ауа қысымына бақылап – өлшеу приборлары көрсеткіштерін басқару. Пресстен пресс формаларды шығару және ондағы дайын бұйымды алу.	Түрлі бөлшектегі вулканизациялау бакелизациялаудың технологиялық режимдері мен процесстері; дайын бұйым сапасына қойылатын техникалық шарттар мен талаптар;



3 - 1	Жабдықтың дұрыстығын тексеру. Гидропресстерді тазалау және майлау.	Дайын бұйым сапасына қойылаты техникалық талаптар
-------	---	---

**6 кесте. СБШ бойынша 4 деңгейлі ыстықтай қалыптау пресстеушісінің құзыреттілігіне қойылатын талаптар**

Тапсырма шифры	Жеке және кәсіби құзыреттілік	Икемділігі және дағдылары	Білімі
1 - 1	Жұмыс нәтижесіне және дайын өнім сапасына дербестік, даралық және жауапкершіліктің белгілі дәрежесіндегі басшылықпен орындау қабілеттілігі.	Өңделуші бұйым ассортименттерін ажырату.	Көпшегелі, көпсатылы, алынаты немесе алынбайтын электрлі немес булы қыздырғышы бар пресс форма гидропресстерде техникалық асбест бұйымдардың қалыпталған дайындамасын немесе түрліше маталарды пресстеу – бакелизация; немесе вулканизациялау
2 - 1		Жартылай фабрикаттарды өндеудің белгілері мен ерекшеліктері; Плитада пресс формалары санын есептеу.	Вулканизациялау - бакелизацияла режимдерін, бу және сығылған ау қысымына бақылап – өлшеу приборлары көрсеткіштері режимдерін реттеу.
3 - 1		Бұйымды сұрыптау және төсемдеу оларды кейінгі өндеуге беру.	Пресс – форма санын есептеу әдістемесі; ақау түрлері және ақауды пайда болу себептері алдын алу және жою шамалары; Дайын өнімнің мемлекеттік стандарттары.

**б қ о с ы м ш а**

«Техникалық бұйымдарының кәсіби стандартына

асбестті өндірі»

**Келісу парағы**

Мекеменің аталуы
Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
Кәсіби стандартты тіркеу және сараптау
Осы кәсіби стандарт бекітілген және тіркелген _____
Кәсіби стандарттар реестріне ендірілген - тіркелу № _____
Хат (хаттама) № _____ Мерзімі _____